



Біздің Компас

Эрикссон компаниясының
Іскерлік Әдеп Кодексі



ERICSSON

Компаниямыздың президенті әрі бас директорының жолдауы

Күрделі мәселелерге толы әлемде табысқа жету

Ericsson компаниясында біз адамдардың өмірін жақсартуға, бизнесті түбегейлі өзгертуге және экологиялық тұрғыда қауіпсіз болашаққа жол ашуға мүмкіндік беретін шексіз өзара байланыс орнаған жаңа әлемді құрудың алдында тұрмыз. Ұстанымымыз бен атқаратын рөліміз үлкен жауапкершілікті талап етеді және біз оған үстірт қарамаймыз.

Біз орасан зор жаһандық ұйым құрдық және табысқа жету үшін керемет мүмкіндіктерге ие болдық — алты құрлықта 100 000-нан астам алуан түрлі қызметкеріміз жұмыс істеп жатыр және өзіміз мақтан тұтатын швед атамекенімізден едәуір алысқа қанат жайып, дамып жатырмыз. Нағыз сала көшбасшысы болу үшін біз өз қызметімізді жүргізу мен **бүкіл** әлемдегі жұмыс істеу тәсілдерімізде **дежаһандық** көшбасшы ретінде танылуымыз керек. Бұл көшбасшылық біздің бірлесіп күш салуымызды талап етеді және өзімізге, әріптестерімізге және компанияға деген сенімнен басталады: сыни тұрғыдан ойлау, дұрыс пайымдау және әрқашан адалдықпен әрекет ету.

Басқарудың негізгі қағидаларының бірі – Іскерлік әдеп кодексі біздің қызметкерлерімізге қоятын талаптарымызды белгілейді және шешім қабылдауда, тәуекелді басқаруда және әріптестерімізбен, тұтынушылармен, серіктестермен, меншік иелерімен және басқа да мүдделі тараптармен жұмыс істеу барысында әрқайсымыз оны басшылыққа аламыз.

Адалдық және кәсіби қызметтегі жоғары жетістіктер

Біз күрделі мәселелерге толы іскерлік ортада жұмыс істейміз. Қарқынды бәсекелестік, геосаяси шиеленіс, климаттың өзгеруі, экономикалық тұрлаусыздық және дүние жүзінің көптеген елдеріндегі қақтығыстар қазір қалыпты жағдайға айналып отыр.

Ericsson компаниясының негізгі қағидасы ретінде біз байланыс орната алу мүмкіндігін әр адамның негізгі қажеттілігі деп санаймыз және қызметкерлеріміз қауіпсіз болғанда, сондай-ақ өзіміздің негізгі құндылықтарымызға сәйкес және Ericsson компаниясының тиісті мүддесі үшін жұмыс істей алатын жағдайда, осы қажеттілікті барлық жерде қамтамасыз етуді мақсат тұтамыз.

Осы мақсатқа жетуге және осы жолдағы қиындықтарды жеңіп шығуға қабілетті болуымыз ең алдымен қызметкерлеріміз бен компаниядағы мәдениетке байланысты. Біз сенімге, айқындыққа, ашық қарым-қатынасқа, этикаға және дұрыс пайымдауға ұмтыла отырып, оптимистік және сенімді көзқарасқа ие болуымыз керек. Біз мұны күнделікті жұмыс тәсілімізге енгізуді жалғастыруымыз керек және бізге бейімделуге, бәсекелесуге және табысқа жетуге мүмкіндік беретін барлық деңгейдегі кәсіби қызметтегі жоғары жетістіктермен адалдыққа ұмтылуымыз керек. Қызметкерлеріміз осыған сәйкес әрекет етсе, қай елде жұмыс істесек те, қоғамға оң әсер етеміз.

Біз жоғары сапалы технологияларды жеткізе отырып және қызметтерді көрсете отырып, тұтынушыларымызға көңіл бөлуді тоқтатпауымыз керек. Дегенмен, біз әрқашан Ericsson компаниясының тиісті мүдделеріне сәйкес әрекет етуіміз керек. Егер қандай да бір іс-әрекет негізгі құндылықтарымызға немесе тиісті мүдделерімізге сәйкес келмесе, біз одан бас тартуымыз керек.

Мен Ericsson компаниясының келешек ұрпақ үшін табысқа жету мақсатында үздік мүмкіндіктерге ие болуын қамтамасыз ету аса маңызды деп санаймын. Бірақ бұл барлығымыздың күш біріктіруімізді талап етеді. Біз бұрынғы қателіктердің алдағы уақытта қайталанбауын қамтамасыз етуіміз керек. Сондықтан болашаққа тиімді қадам жасау үшін өткенді түсініп, одан сабақ алу қажет.

Біз US Department of Justice (DOJ) және US Securities and Exchange Commission (SEC) ұйымдарымен дау-дамайды шешуге әкелген сыбайлас жемқорлық әрекеттерін жиі талқыладық. Біз осы жөнсіз іс-әрекетке жол берген ұйымдық кемшіліктерді жою және мықты компания құру жолында үлкен жетістіктерге жеттік. Дегенмен жасалуы тиіс жұмыс әлі де көп және ол қадағалау мерзімі аяқталғаннан кейін де ұзақ уақыт бойы жалғасады.

Басқару әдістеріміз және ұстанымдарымыз (Compass)

Ericsson сияқты ірі компанияға қызметкерлердің іс-әрекет ету және жұмыс істеу әдістері туралы анық жүріс-тұрыс ережелері керек. Біздің Компас шешім қабылдау, есеп берушілікті қамтамасыз ету және тәуекелді басқару жолын түсіндіру үшін енгізіліп жатқан Core Governance Pillars негізгі құрамдас бөлігі болып табылады.

2023 жылы енгізіліп, жүзеге асырылған Core Governance Pillars принциптерінің бірі – біздің Material Group Risk Protocol және материалдық тәуекелдерді қалай басқаратынымызды Business Risk Committee комитеті. Басқа топтық басқару принциптері туралы қосымша ақпарат алдағы айларда бөлісілетін болады.

Бұл басқару принциптері біздің бірлесіп жұмыс істеу тәсілінің негізін құрайды және жұмысымызға қажетті стандарттарды және тәртіпті белгілейді. Бұл принциптер біздің бірлескен жұмысымызды қолдауға және жеңілдетуге арналған және сонымен бірге олар біздің дұрыс және қажетті адамдық пайымдауларымыз бен сыни ойлауымызды алмастырмайды.

Біздің ұзақ уақыт бойы табысты болуымыз дұрыс шешімдер қабылдауымызға байланысты және бұл бір-бірін толық хабардар етуді, сұрақтар қоюды және идеяларды сынауды және шешім қабылдауға әсер ететін фактілер мен тәуекелдерді мұқият қарастыруды талап етеді. Барлық шешім бірдей мінсіз болмайды; біздің бақылауымыздан тыс сыртқы факторлар бар және айналамыздағы әлем бізге әсер еткенде, мәселелер туындайды. Бірақ осы істе біз біргеміз және жоғарыда сипатталған көзқарасты қолдана отырып, терең оймен алға жылжи отырып, бейімделіп, бірге дами отырып, табысқа жетеміз.

Біз барлық қызметкердің еркін ашық сөйлеуге және бір-бірін сынауға мүмкіндік бар деп сенеміз және Ericsson компаниясының «Ойыңды ашық айт» жедел желісі әрқашан дайын және осы желі арқылы біздің Ұстанымдарымызда (Compass) көрсетілген этикалық талаптарымыз бұзылды деп санайтын кез келген қызметкер өз алаңдаушылығын білдіре алады. Сұрақ қою және орын алған жағдайды сынау өзімен бірге жауапкершілікті қажет ететіні әрқашан есімізде болсын. Бұл мәселелер мен тәуекелдер туралы айтып қана қоймай, сындарлы түрде өзара іс-қимыл жасауды және шешімдерді ұсынуды да қажет етеді.

Компанияның Ұстанымдарына (Compass) сүйене отырып, шешімдеріміз бен іс-әрекеттеріміздің этикалық екеніне және Ericsson компаниясының әлемге оң әсер ететініне сенімді бола аламыз. Осы арқылы біз тек әріптестеріміздің, тұтынушыларымыздың, жеткізушілеріміздің, инвесторларымыздың, банктердің және серіктестеріміздің ғана емес, ең бастысы, бүкіл қоғамның құрметі мен сеніміне ие бола береміз. Әрқайсымыз Ericsson компаниясының қамқоршысымыз, сондықтан дұрыс іс-әрекет жасау әрқашан бәрінен де маңызды болуы керек.

Компанияның келешегі

Мен этикалық көшбасшылық бізге бәсекелестікте артықшылық беретініне және бәрімізді Ericsson компаниясының бір бөлігі болғанымызды мақтан етуге мүмкіндік беретініне толық сенемін. Біз мұны көзбояушылық үшін немесе сыртқы талаптарды орындау үшін жасамаймыз. Біздің іс-әрекетіміз мықты компания болуға және ұзақ уақыт бойы табысты болуға бағытталған. Сайып келгенде, ең жоғары стандарттарға сәйкес жұмыс істеу және қызметті адал және жауапкершілікпен жүргізу – нақты және оң өзгерістерге қол жеткізудің жалғыз жолы. Компанияның болашағы мәдениетіміздің бізді мықты ететіндей етіп түрленуіне байланысты, және бәріміз сол мәдени түрлендіруге өз үлесімізді қосуға жауаптымыз.

Түптің түбінде, біздің жетістігіміз – қызметкерлеріміздің арқасы және солай бола бермек. Мен біздің қызметкерлеріміз осы саладағы ең үздік мамандар деп ойлаймын және бізге тап болатын қиындықтарды жеңіп шығуға және болашақта жаңа мүмкіндіктерді қолдануға бізден жақсырақ машықтанған басқа топ жоқ деп сенемін.

Болашаққа көз жіберейік. Біз Ericsson туралы кітаптың келесі тарауын бірлесіп жазып жатырмыз, ол сала көшбасшылықпен және қызметімізді атқару әдістеріндегі үстемдіктермен негізделген. Сіздердің барлығыңызға сене алатынымды білемін!


Құрметпен,

Бёрье Экхольм (Börje Ekholm)
Президент әрі бас директор





Біздің компас пайдалану жолы



Біздің компас – Ericsson компаниясының этикалық принциптері мен қағидаларының нұсқаушысы. Ол біздің кәсіпқойлыққа, өзара құрмет пен табандылыққа қатысты құндылықтарымызға сәйкес келеді және жұмыстың адал орындалуына сеп болады. Оны жиі пайдаланған сайын, іс-әрекеттеріңіз бен қабылдаған шешімдеріңіз Ericsson компаниясының бизнесті этика тұрғысында дұрыс жүргізу талаптарына сай келетініне сенімді бола аласыз.



Эрикссон үшін әрекет еткенде
әрқашан 3 Ps әдісін есте сақтаңыз

P¹

менің
іс-әрекетімнің
мақсаты
не?

- Бұл әрекетті орындау үшін заңды себеп бар ма?
- Бұл әрекет Эрикссон компаниясының мүддесіне сай келе ме?
- Бұл әрекет қандай қауіп төндіруі мүмкін? Қауіп-қатерді қалай азайтуға болады?

P²

менің әрекеттерім
қандай **принциптер**
негізінде орындалуы
керек?

- Бұл іс-әрекет заңды ма және Компас талаптары мен басқарушы құжаттардағы талаптарға сай келе ме?
- Бұл іс-әрекет этикалық қағидаларға және біздің құндылықтарымызға сәйкес келе ме?

P³

менің
іс-әрекетім
қалай
қабылданады?

- Менің әрекетім жаңалықтарда пайда болса, қалай көрінер еді?
- Менің әрекетім Эрикссон беделіне кері әсер ете ме?

Мазмұны

● Біздің Код, біздің Компас

1.1	Эрикссон компаниясының этикалық талаптары туралы хабардар болыңыз	07
1.2	Эрикссон компаниясына жұмыс істегенде жауапкершіліктеріңізді біліңіз	08
1.3	Этика және сәйкестік мәселелерін көтеру	09

● Біздің қызметкерлеріміз және жұмыс орнымыз

2.1	Айналадағыларға құрметпен қарау және оларды кемсітпеу	11
2.2	Әділетті және қолайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету және кәсіподақтардың құқықтарын құрметтеу	12
2.3	Денсаулық, қауіпсіздік және әл-ауқат деңгейін қамтамасыз ету	13
2.4	Мәжбүрлі еңбекке, адам саудасына және балаларды еңбекке артуға тыйым салу	14

● Біздің бизнесіміз, тұтынушыларымыз және жабдықтаушыларымыз

3.1	Бизнесіміз адал жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу	16
3.2	Эрикссон компаниясының мүддесіне жұмыс істеу	17
3.3	Өз технологияларымыз бен ұсыныстарымыз бойынша бәсекеге түсу	18
3.4	Адал жұмысқа қатысты міндеттерімізді бөлісетін үшінші жақтармен ғана жұмыс істеу	19
3.5	Халықаралық сауда және ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес туралы заңдарды құрметтеу	20

● Біздің активтеріміз және зияткерлік меншік

4.1	Құпия ақпарат пен интеллектуалдық мүлікті қорғау	22
4.2	Компания ақпараты мен активтерін жауапты пайдалану	23
4.3	Жеке ақпаратты қорғау	24
4.4	Тиісті қаржылық бақылау жұмыстарын жүргізу және алаяқтыққа жол бермеу	25
4.5	Жауапты байланыс жасау	26

● Біздің әлеуметтік және қоршаған ортаға қатысты міндеттеріміз

5.1	Құпиялылық құқығын және пікір білдіру еркіндігін насихаттау	28
5.2	Қоршаған орта тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысты міндеттерімізді сақтау	29
5.3	Жергілікті қауымдастықтарға өкілеттік беру және оларды қолдау	30



Біздің ережелер

Біздің адамдар
Біздің компания
Біздің активтер
Біздің міндеттер

Біздің Код, біздің Компас

Біз қашан да кәсібімізді этикалық
тұрғыда дұрыс жасауға,
жауапкершілікпен қарауға тырысамыз

01

1.1	Эрикссон компаниясының этикалық талаптары туралы хабардар болыңыз	07
1.2	Эрикссон компаниясына жұмыс істегенде жауапкершіліктеріңізді біліңіз	08
1.3	Этика және сәйкестік мәселелерін көтеру	09

Біздің ережелер

Біздің адамдар
Біздің компания
Біздің активтер
Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Our company story](#)
- [Ericsson on the Move](#)
- [EGMS App - PowerApps](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 1.1. of CoBE Relevant Documents](#)

Эрикссон компаниясының этикалық талаптары туралы хабардар болыңыз

"Біздің Компас" кәсіпті қалай жүргізуіміз керектігі жөнінде компанияға бағыт-бағдар беріп отырады.

Іскерлік Этика Кодексі біздің Компасымыз және Эрикссон корпорациясының корпоративтік басқарудағы негізгі тіректерінің бірі болып табылады. Компас бізге бизнесті кәсіби, құрметпен және адалдықпен жүргізуге бағыттайды.


Компас Эрикссон компаниясының тұрақты қызметкерлеріне ғана емес, сонымен қатар Эрикссон күнделікті жұмысын бақылайтын кез келген тұлғаға және Эрикссон тікелей немесе жанама бақылайтын барлық ұйымдардың Директорлар кеңесінің мүшелеріне қатысты. Біз Эрикссон компаниясымен жұмыс істейтін үшінші тараптардан "Біздің іскерлік серіктестерге арналған мінез-құлық кодексін" орындау арқылы Біздің Компас ережелеріндегі құндылықтарды сақтауды талап етеміз.

Біз барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтауға жауаптымыз. Бұған қоса, біз "Біздің Компас" ережелерін және географиямызға, жұмыс рөлімізге немесе орындап жатқан қызметімізге негізделген барлық басқару құжаттары ережелерін ұстануымыз қажет. Осы құжаттағы Біздің Компас ережелеріне сәйкес келетін кез келген талап әрқашан қолданыстағы басқару құжаттары ережелерін орындау талабын қамтиды. Ақыр соңында егер Біздің Компас ережелеріндегі талаптар заң талаптарынан өзгеше болса, анағұрлым талапшыл стандартты қолдануыңыз керек.

Біз технологияны, соның ішінде жасанды интеллектті жауапты, әділ және этикалық жолмен пайдаланамыз. Бұл қауіпсіздікті, инклюзивтілікті, ашықтықты, деректердің құпиялылығын, есеп беруді және жалпы қоғамның және қоршаған ортаның әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін адам қадағалауына назар аударуды қамтиды.

Біздің Компас ережелерін бұзу тәртіптік жазаға, соның ішінде компаниядағы лауазымыңызға қарамастан, жұмысты тоқтатуға әкелуі мүмкін. Сонымен қатар кейде жақсы ниетпен бастаған ісіміз қателікке ұрындырып жататынын да жақсы түсінеміз. Мұндай жағдай орын алса немесе сізде сұрақ немесе алаңдаушылық туындаса, жауапкершілікпен қарап, ашық болыңыз және өз ойыңызды айтыңыз.

Біздің steering documents ережелеріміздің сізге қалай қатысты екенін білмесеңіз, тікелей менеджеріңізден нұсқаулық сұраңыз. Сондай-ақ, People Function немесе Group Function Legal Affairs & Compliance бөлімі сияқты тиісті функцияларға жүгінуге болады. Мысалы, Сәйкестік кеңсесі, [Сәйкестік бойынша кеңес беру үстелі](#) және [Этика және сәйкестік порталы](#) этика және сәйкестік мәселелері бойынша кеңестер мен тиісті мақұлдауларды ұсынады.



Біздің ережелер

Біздің адамдар
Біздің компания
Біздің активтер
Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Compliance @ Ericsson](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 1.2. of CoBE Relevant Documents](#)

Эрикссон компаниясына жұмыс істегенде жауапкершіліктеріңізді біліңіз

Біз әрқашан адалдықпен әрекет етеміз.

Біздің мақсатымыз бен құндылықтарымызға сәйкес, біз қандай рөлде болсақ та, Эрикссон өкілдері ретінде бизнесті жүргізген кезде жауапкершілікпен, адал әрі шынайы әрекет етуіміз керек. Бұл бизнес мүмкіндігін жоғалтып алса да, біз әрқашан адал әрекет етуіміз керек дегенді білдіреді. Бұған қоса, адал әрекет ету міндеттемесі әрбірімізден заңның, Біздің Компас немесе басқару құжаттары ережелерінің бұзылуы туралы білсек немесе күдіктенсек Эрикссон компаниясына немесе оның беделіне қауіп төнеді.

Сұралған кезде Эрикссон немесе заңды үшінші тарап жүргізетін кез келген тергеулерде, аудиттерде немесе бағалауларда, соның ішінде жұмысқа қатысты деректерге, жазбаларға немесе коммуникацияларға олар қай жерде тұрса да оларға қол жеткізуді және оларды ешқашан жоймауды немесе өзгертпеуді қоса, толық ынтымақтасуыңыз қажет.

Ал егер сіз менеджер, Атқарушы топтың мүшесі немесе Директорлар кеңесінің мүшесі болсаңыз, сізде ерекше маңызды рөл бар – сіз адалдық пен сәйкестік мәдениетін қалыптастыруға жауаптысыз!

Жетекшілер мен тікелей менеджерлер:

- Ұжым және қолдау тобы мүшелерінің күрделі этикалық мәселелер бойынша сұрақ қоюына және ол туралы ойларымен бөлісуіне ынталандыруы керек
- Топ мүшелері тиісті түрде оқу-жаттығудан өткеніне және Біздің Компас және басқару құжаттары ережелерінің талаптарына қалай орындау керектігін білетініне көз жеткізуі керек
- Әдепсіз әрекеттерді жанама түрде ынталандыру немесе басқару құжаттары ережелерін бұзу қаупі бар командаларға қысым жасаудан аулақ болуы керек
- Ережелер бұзылған жағдайлар туралы хабарлауы және мәселе көтерген ұжым мүшелеріне қолдау көрсетуі керек



Біздің ережелер

Біздің адамдар
Біздің компания
Біздің активтер
Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Reporting Compliance Concerns](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 1.3. of CoBE Relevant Documents](#)

Этика және сәйкестік мәселелерін көтеру

Бірдеңе дұрыс емес болып көрінсе, бәріміз оны айтуымыз керек.

Егер бірдеңе дұрыс болмаса:

- Өзіңіздің тікелей басшыңызға немесе басшыңыздан жоғары тұрған адамға айтыңыз
- People Function немесе Group Function Legal Affairs & Compliance бөліміндегі қызметкермен сөйлесіңіз, немесе
- [Эрикссон компаниясының талаптарға сәйкестік жедел желісіне](#) хабарласыңыз. (Эрикссон компаниясының талаптарға сәйкестік жедел желісінің қызметін пайдаланған кезде, жергілікті заң рұқсат еткен жерде анонимді қалуды таңдауға болады.)

Эрикссон компаниясының талаптарға сәйкестік жедел желісін тәуелсіз үшінші жақ басқарады, олар барлық есептің қауіпсіздігіне және құпиялылығына жауап береді. Ол 60-тан астам тілде барлық ішкі және сыртқы мүдделі тараптарға тәулік бойы (24/7) қол жетімді.

Біздің Компас ережелерінің бұзылғанын көргенде немесе күдіктенсек, айтуымыз керек. Айтау тәртіптік жазаға әкелуі мүмкін. Сіздің алаңдаушылықтарыңызды Айыптауларды басқару кеңсесі бағалайды, ол қосымша сұрақтар қоя алады. Оларды Корпоративтік және Үкіметтік Тергеулер бөлімі тергей алады немесе олармен басқа тиісті органдар айналысуы мүмкін.

Сіз адалдықпен шынайы талаптарға сәйкестік мәселесін көтерсеңіз, қудаланудан қорғанасыз – біз кез келген түрде қудалануға жол бермейміз.

Егер сіз біреудің тікелей басшысы немесе басқа да сенімді адамы болсаңыз және сізге біреу өз алаңдаушылығын айтса, ол туралы Group Function Legal Affairs & Compliance бөліміне немесе Эрикссон компаниясының талаптарға сәйкестік бөлімінің нөміріне хабарлауыңыз керек. Хабарламас бұрын оның алаңдаушылығының мәнін жақсырақ түсіну үшін хабарлаушы адаммен сөйлесу қажет болуы мүмкін, бірақ сіз өзіңіздің тергеуіңізді жүргізуге тырыспағаныңыз маңызды, себебі күрделі құқықтық мәселелер туындауы мүмкін.

Менеджерлер өнімділік мәселелері және процесті ұстанбау сияқты кейбір мәселелерді шешуге өкілеттігін сезінуі

керек, бірақ іскерлік этика және тәртіп бұзушылық туралы сәйкестік мәселелерін көтеруі керек.

Мәселелерді кәсіподақтарыңызға немесе жұмыс кеңесінің өкілдеріне хабарлауыңызға болады. Бірақ сондай-ақ Біздің Компас ережелерінің бұзылғандығы туралы тиісті Эрикссон арналары арқылы хабарлауыңыз керек.

Есепті жасағаннан кейін сізден сот процесіне қатысу құқығыңыздан бас тартуыңыз талап етілмейді. Сәйкестік мәселесі туралы Эрикссон арналары арқылы хабарласаңыз, сізден ақпаратты жарияламау туралы келісімге қол қою талап етілмейді.



Біздің ережелер
Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Біздің қызметкерлеріміз және жұмыс орнымыз

Сіз өзіңіздің әлеуетіңізге толық қол жеткізе аласыз және инклюзивті және қолдау көрсететін жұмыс орнында өркендей аласыз. Біз әрбір адамның қадір-қасиетін бағалай аламыз және адам құқықтары мен еңбек құқықтарын қорғайтын халықаралық стандарттардың барлығына сай жұмыс істейміз, оның ішінде Адам құқықтарының халықаралық декларациясы және Жұмыс орнындағы негізгі принциптер мен құқықтар туралы Халықаралық Еңбек Ұйымының Декларациясы бар.

2.1	Айналадағыларға құрметпен қарау және оларды кемсітпеу	11
2.2	Әділетті және қолайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету және кәсіподақтардың құқықтарын құрметтеу	12
2.3	Денсаулық, қауіпсіздік және әл-ауқат деңгейін қамтамасыз ету	13
2.4	Мәжбүрлі еңбекке, адам саудасына және балаларды еңбекке артуға тыйым салу	14

02

Біздің ережелер
Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Айналадағыларға құрметпен қарау және оларды кемсітпеу

Біз өзара құрмет, қолдау көрсететін жұмыс ортасын қалыптастырамыз.

Әріптестерімізге құрметпен қарым-қатынас жасау, оның қадір-қасиетіне жете білу және оның қажеттіліктерін түсіну арқылы оның ішіндегі ең жақсы қасиеттерді шығарамыз және ол – дұрыс нәрсе. Эрикссон компаниясында қызметкерлеріміздің психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мәселе болып табылады және ешкімді қудалау, қорқыту, қорлау немесе зорлық-зомбылыққа жол берілмейді.

Біз қудалаудың, кемсітудің, кек алудың, қорқытудың немесе зорлық-зомбылық әрекеттерінің кез келген түріне жол бермейміз, соның ішінде:

- Жұмыс барысында қызметкерлерді немесе кез келген үшінші жақты физикалық, ауызша немесе жазбаша түрде кемсіту (кеңседе, кеңседен тыс немесе онлайн)
- Бұзақылық, қорқыту, қастық, кемсіту немесе психологиялық теріс қылық жасау
- Дөрекі немесе шашыраңқы ескертпелер, әзіл-қалжың, суреттер немесе жеке басына қатысты жаман сөздер айту
- Қажетсіз назар немесе физикалық байланыс немесе жеке өмірге қол сұғушылық немесе жеке кеңістікті басқаша бұзу

- Қалыпты жұмыс әрекеттеріне кедергі келтіруге немесе болдырмауға бағытталған мінез-құлық

Әртүрлілік бізді компания ретінде нығайтатынын білеміз. Әр түрлі және инклюзивті жұмыс орнының болуы әлемдік үздік таланттарды тартуға, инновацияларды ынталандыруға және клиенттерімізге үлкен құндылық беруге көмектеседі. Барлық адамды қадірлеп, олардың маңыздылығын көрсеткіміз келеді.

Қай жерден шыққаны, когнитивтік қабілеті немесе мүгедектігі сияқты факторларға қарамастан, Ericsson компаниясында әр адамды дамытып, өзін бұрынғыдан да күшті сезінетін жер жасау үшін барлығымыз атсалысуымыз керек.

Сіз:

- Адамдарды жетістіктеріне қарай жұмысқа қабылдауыңыз, марапаттауыңыз және көтермелеуіңіз керек
- Тамыр-таныстық немесе дискриминациялық әрекеттерге жол бермеуіңіз керек
- Қызметкер өз-өзін жат немесе артық сезінетіндей қарым-қатынас жасамауыңыз керек. Бұл нәрселер жұмыс уақытында да, жұмыстан тыс уақытта да, Эрикссон компаниясының ғимаратында, одан тыс және сыртқы іс-шараларда немесе іссапарларда ескерілуі керек.



Біздің ережелер
Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Әділетті және қолайлы жұмыс орнын қамтамасыз ету және кәсіподақтардың құқықтарын құрметтеу

Біз әркімнің әділетті, қауіпсіз және қолайлы жұмыс жағдайларында жұмыс істеу құқығын және кәсіподақ құру және оған мүше болу, сонымен қатар ұжымдық келіссөздер жүргізуді қорғаймыз.

Сіз барлық әріптестеріңіздің бірігуге қатысты және ұжымдық келіссөздер жүргізуге қатысты құқықтарына құрметпен қарауыңыз және бұл құқықтарды заңсыз шектемеуіңіз керек. Кәсіподаққа немесе соған ұқсас ұйымға қосылу немесе қосылмау таңдауы негізінде адамдарға басқаша қарым-қатынас жасауыңызға болмайды және кәсіподақтың өкілдері қызметкерлермен еркін сөйлесе алуы керек.

Оған кіретін жағдайлар:

- Сіздің жұмысқа тұруыңыздың негізгі шарттары жазылған жазбаша құжатты сіз түсінетін тілде алу
- Әділ және ақылға қонымды жалақы және ең аз дегенде күнкөріс деңгейін қамтитын шарттар мен жағдайлар
- Халықаралық стандарттарға сәйкес жұмыс уақытын қоса алғанда, салауатты еңбек өмірінің тепе-теңдігін қолдау үшін барабар демалыс және бос уақыт
- Тәуелсіз кәсіподақтарды құру немесе оларға қосылу, сондай-ақ ұжымдық келіссөз жүргізу.

Learn more

Useful links

- [Business and Human Rights Statement](#)
- [Respect for human rights](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 2.2. of CoBE Relevant Documents](#)
- Check with local People function for local steering documents



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Health, safety and well-being](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 2.3. of CoBE Relevant Documents](#)

Денсаулық, қауіпсіздік және әл-ауқат деңгейін қамтамасыз ету

Әркім қауіпсіз әрі салауатты еңбек ете алуы үшін бірлесіп жұмыс істеп жатырмыз.

Біз сізді қауіпсіз және жұмыста жақсы ұстау үшін қолдан келгеннің бәрін жасаймыз және өзіңізге және сізбен бірге немесе сізбен бірге жұмыс істейтін басқаларға қамқорлық жасау үшін қолдан келгеннің барлығын жасауыңызды күтеміз. Біздің мақсатымыз – жұмыста өлім-жітім, жарақаттар мен аурулардың мүлдем болмауы. Target Zero мақсатына жету үшін бәріміз бірге жұмыс істеуіміз керек, және Ericsson Care арқылы бұл мақсатқа жету - біздің біртұтас көзқарасымыз.

Сіз:

- Әрқашан жауапкершілікпен және қауіпсіз жұмыс істеуіңіз тиіс, дұрыс құралдар мен жеке қорғаныс құралдарын пайдалануыңыз тиіс, қауіпсіздік техникасы бойынша оқуды аяқтауыңыз және біздің қызметкерлерге немесе жеткізушілерге зиян тигізбеуі үшін денсаулық пен қауіпсіздік ережелерін (соның ішінде Құтқару ережелерін) орындауыңыз керек

- Барлығы үшін денсаулықты, қауіпсіздікті және әл-ауқатты қамтамасыз ететін ортаны құруға белсенді түрде көмектесуіңіз керек
- Денсаулық және қауіпсіздік тәуекелдерін анықтауыңыз керек, алаңдаушылық білдіруіңіз керек және қауіптерді азайтуыңыз керек.
- Әр адам қауіпсіздік пен әл-ауқатқа кедергі келтіретін факторлар туралы хабарлай алатын психологиялық қауіпсіз сөйлеу мәдениетін көтеруіңіз керек
- Салауатты жұмыс жүктемесі мен рөлдің анықтығын алға жылжыту және қарама-қайшы талаптарды болдырмау арқылы психоәлеуметтік тәуекелдер мен нашар жұмыс дизайнын болдырмауыңыз керек
- Алкоголь ішіп немесе заңсыз заттарға мас болып, жұмыс істеуіңіз керек
- Әлдебіреудің денсаулығы мен қауіпсіздігіне қауіп төндіретін болса, дәрі-дәрмектің ықпалымен жұмыс істеуіңіз керек
- Денсаулыққа және қауіпсіздікке қатысты оқыс оқиғалар қайталанбау үшін, барлығын [Global Incident Reporting Tool](#) арқылы хабарлаңыз

- Өзіңіздің немесе әріптесіңіздің немесе жеткізушіңіздің денсаулығына, қауіпсіздігіне немесе әл-ауқатына алаңдасаңыз, айтыңыз және жұмысыңызды тоқтатыңыз. Жағдай

түзетілмесе, тікелей менеджерге және жергілікті денсаулық және қауіпсіздік өкіліне хабарласып, мәселені [Global Incident Reporting Tool](#) құралына хабарлауға тиістісіз.



Біздің ережелер
Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Мәжбүрлі еңбекке, адам саудасына және балаларды еңбекке артуға тыйым салу

Біз бұл жерде өз еркімізбен жұмыс істеп жатырмыз және біз балалардың құқығын сақтаймыз.

Эрикссон компаниясында адамдарды құлдыққа қолданудың кез келген формасына (оның ішінде адам саудасы, мәжбүрлі, қорқытып, міндеттеп еңбекке салу) қатаң тыйым салынады. Эрикссон компаниясында жасалған жұмыстың барлығы ерікті, келісімді болуы керек және ешкімді мәжбүрлеп істетуге болмайды. Қолданыстағы заңға сәйкес есті ескерту жасаған соң, жұмыстан шығып кетуге немесе қызметімізді босатуға құқылымыз. Эрикссон компаниясына немесе кадрлар агенттігіне кепіл ретінде ақша немесе жеке басыңызды растайтын құжат қалдыру талаптарына келіспеуіңіз керек.


Жергілікті заң талаптары қандай болса да, іссапарда немесе компанияның жұмысымен жүргенде, жыныстық сипаттағы қызметтерді немесе сексуалды сипаттағы басқа да қызметтерді өзіңізге немесе басқа біреу үшін сатып алуға немесе басқалардың сатып алуына рұқсат етуге тыйым салынады.

Біз балалардың құқықтарын қолдаймыз және қорғаймыз және балалармен қарым-қатынасымызда балаларды қорғау шараларының орындалуын қамтамасыз етеміз. Біз балалар еңбегіне қатаң тыйым саламыз және біздің барлық операцияларымызда балаларға зиян келтірмеу үшін сақтық шараларын қолданудамыз. Жасы жұмыс істеуге жарамды екеніне көз жеткізу үшін жұмысқа алу кезінде жеке тұлғалардың жасы тексеріліп, құжатпен рәсімделуі қажет.



Мәжбүрлі еңбектің болуы

Мәжбүрлі еңбек әлемдік ауқымда кең таралған және көптеген салаларда бар. Мигранттарды жалдау, еңбек брокерлерін пайдалану немесе уақытша жұмыс күшін пайдалану кезінде бұл тәуекелді әсіресе ескеру керек. Жұмысқа алу ақысын немесе басқа қызметке қатысты шығындарды болашақ қызметкерлерден сұрамауыңыз керек. Кадрлық агенттігі қолданылса да, қолданылмаса да осы ережелерге бағыну керек. Эрикссон компаниясы «жұмыс беруші төлейді» қағидатын ұстанады және қызметкердің өзі жасаған шығындарды өтейді.



Learn more

Useful links

- [Business and Human Rights Statement](#)
- [Respect for human rights](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 2.4. of CoBE Relevant Documents](#)

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Біздің бизнесіміз, тұтынушыларымыз және жабдықтаушы- ларымыз

Біз кәсібімізді адал әрі ашық жүргізуге және жауапкершілікті сезінетін азамат болуға тырысамыз.

03

3.1	Бизнесті адал жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу	16
3.2	Эрикссон компаниясының мүддесіне жұмыс істеу	17
3.3	Өз технологияларымыз бен ұсыныстарымыз бойынша бәсекеге түсу	18
3.4	Адал жұмысқа қатысты міндеттерімізді бөлісетін үшінші жақтармен ғана жұмыс істеу	19
3.5	Халықаралық сауда және ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес туралы заңдарды құрметтеу	20

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Бизнесті адал жүргізу және сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу

Біз бизнесті жеңу үшін орынсыз ықпалды қолданбаймыз.

Репутация мен сенім – қасықтап жиналып, шелектеп төгілетін нәрселер. Эрикссон компаниясында біз ешқашан біреудің әрекеттеріне орынсыз ықпал етуге тырыспаймыз. Заңсыз артықшылыққа ие болу, мемлекеттік қызметкерге, әріптеске, тұтынушыға немесе басқа да үшінші жаққа қандай да бір пайда ұсыну немесе беру парақорлық деп аталады және оған қатаң тыйым салынады. Ондай артықшылықтарды ешкімнен талап етпеуіңіз керек, қабылдамауыңыз керек.

Біз парақорлықтың немесе сыбайлас жемқорлықтың ешбір түріне жол бермейміз. Сонымен қатар Эрикссон компаниясы жергілікті заң талаптарымен рұқсат етілген және мемлекеттік есептілік жөніндегі нормативтік актілері арқылы қолдау тапқан ерікті қызметкерлерді қолдаудан бөлек ешбір саяси партияға немесе жекелеген саясаткерлерге тікелей немесе жанама түрде ақша салмайды.


Қандай да бір сыйлық, ойын-сауық, қонақжайлық, демеушілік, қайырымдылық және жұмысқа орналастыру мүмкіндіктері, басқару құжаттары және заң талаптарына сай келетінін қадағалауыңыз керек. Заңды және сәйкес әрекет етуге көмектесетін міндетті талаптардың мысалдары:

- Жеке тұлғаларға қолма-қол ақша, ақшаның эквиваленттері, қарыз, демалыс немесе соған ұқсас артықшылықтарды ұсынуға болмайды
- Мемлекеттік қызметкерлерге (немесе олардың отбасы мүшелеріне) бірдеңе ұсыну кезінде барлық ережелер сақталғанына көз жеткізіңіз, және алдын ала растаумен бірге әлдеқайда қатаң ережелер қолданылатынын есіңізде сақтаңыз
- Қажетті алдын ала мақұлдауларды алып, оларды құжатпен бекітіңіз
- Виза беру, рұқсат алу немесе лицензия алу сияқты әдеттегі мемлекеттік процестерді жылдамдату үшін (жеңілдету төлемдерін) ешқашан заңсыз төлем жасамаңыз
- Заңсыз сыйлықтарды сатып алу үшін корпоративтік қаржыны пайдалана алмайтын жерде, жеке қаражатыңызды немесе басқалардың қаражатын пайдаланбауыңыз тиіс. Заңсыз сыйлықтардың мысалдары - пілдің сүйегі, есірткі, сексуалдық қызметтер, тағыда басқалар.
- Мемлекеттік шенеуніктермен кездесу алдында GFMC Government and Advocacy немесе Group Function Legal Affairs & Compliance бөлімінен кеңес алыңыз



Мемлекеттік қызметшілер - төмендегі аталған ұйымдардың мүшелері, қызметкерлері немесе өкілдері

- Үкімет (ұлттық, аймақтық немесе жергілікті)
- Мемлекеттік немесе мемлекет бақылауындағы компаниялар
- Қарулы күштер, полиция және сот
- Саяси партиялар, мемлекеттік қызметке кандидаттар және саяси ықпалы бар тұлғалар
- Қоғамдық халықаралық ұйымдар (мысалы, Біріккен Ұлттар Ұйымы немесе Дүниежүзілік Банк)
- Корольдік отбасылар



Learn more

Useful links

- [Anti-Corruption Compliance](#)
- [Gifts, entertainment and hospitality](#)
- [Contributions at Ericsson](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 3.1. of CoBE Relevant Documents](#)

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Conflict of Interest](#)
- [Compliance consultation desk](#)
- [E&C Portal](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 3.2. of CoBE Relevant Documents](#)

Эрикссон компаниясының мүддесіне жұмыс істеу

Біз жылдам әрі ашық жұмыс істеп, мүдделер қайшылығын тудыратын жағдайлардың барлығын анықтаймыз.

Эрикссон компаниясындағы күнделікті жұмысымызда, кәсіби тұжырымымыз Эрикссон компаниясынан тыс жүргізетін қарым-қатынастар мен рөлдерге байланысты басқа бәсекелес мүдделер болуы ықтимал. Бұл мүдделер қақтығысы деп аталады, және бұл табиғи түрде қате болмауы мүмкін. Алайда әрқайсымыз Эрикссон компаниясының заңды бизнес мүдделерін бірінші орынға қоюымыз керек. Мүдделер қақтығысы орын алған жағдай туралы білгенде, оны жоққа шығармаймыз; ол жағдайдың ашып айтқанын және дұрыс шешілуін қамтамасыз етеміз.

Сіз:

- Қолыңыздан келгенше, мүдделер қақтығысына жол бермеуіңіз керек
- [Ethics & Compliance Portal](#) бойынша кеңес алу қызметі арқылы мүдделер қақтығысына алып келетін немесе

мүдделер қақтығысы болып есептелетін барлық жағдайды ашық айтып есеп беруіңіз керек. Мұндай жағдайда Талаптарға сәйкестік жөніндегі кеңсе және People Function бөлімі сізге жағдайды қолдануға көмектеседі. Ықтимал мүдделер қақтығысына келесі мысалдар жатады:

- Сіздің туыстарыңыз, достарыңыз немесе бұрынғы Эрикссон әріптестеріңіз жұмыс істейтін немесе оларға тиесілі үшінші тараптармен бизнес жүргізу
- Жеке қарым-қатынастағы адамдарды жұмысқа алу немесе оларды қадағалау
- Бос уақытыңызда Эрикссон компаниясының тұтынушыларына немесе жабдықтаушыларына жұмыс істеу
- Эрикссон компаниясынан тыс жұмыс істеу немесе жұмысыңызға кедергі келтіретін, Эрикссон компаниясының құпия және меншігі туралы ақпаратты немесе активтерді пайдалануды талап ететін немесе интеллектуалдық мүлік жасайтын міндеттер немесе басшылық қызмет алу

- Эрикссон компаниясының атынан тұтынушылармен, жабдықтаушылармен немесе сізге тиесілі немесе сіздің қаржылық үлесіңіз бар компанияның сыртқы акционерлерімен жұмыс істеу



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Өз технологияларымыз бен ұсыныстарымыз бойынша бәсекеге түсу

Біз – әділ бәсекелеспіз.

Біз заңсыз немесе әдепсіз бизнес тәжірибесі арқылы бәсекелестік артықшылықтарды іздемейміз. Сіз басқаларға тиесілі құпия ақпаратты, соның ішінде бәсекелестік туралы ақпаратты заңсыз пайдаланбауыңыз керек. Сіз әрқашан тұтынушылармен, бәсекелестермен және жеткізушілермен қарым-қатынастарыңызда қолданыстағы бәсекелестік, монополияға қарсы және әділ сауда заңдары мен ережелері аясында әрекет етуіңіз керек. Бұл бағаны белгілеу немесе сатып алудың немесе сатудың басқа шарттарын бекіту, бәсекеге қабілетті ақпаратты бөлісу немесе басқа картельге ұқсас мінез-құлық сияқты бәсекелестік мәселелерін тудыруы мүмкін қандай да бір келісімдерге немесе басқаша түрде талқылауларға қатысуға болмайды дегенді білдіреді. Бұған үшінші тұлғалармен бір-бірінің қызметкерлерін жалдамау немесе жалақыны белгілемеу туралы келісімдер кіреді. Нарықтағы үстем жағдайды теріс пайдалануға да тыйым салынады.

Эксклюзивтілік немесе бәсекелестікке жатпайтын келісімдер туралы келіссөздер жүргізбес бұрын немесе басқа бәсекелестік мәселелеріне қатысты алаңдаушылықтарыңыз болса, Group Function Legal Affairs & Compliance бөлімімен тексеруіңіз керек.

Learn more

Useful links

- [Compliance consultation desk](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 3.3. of CoBE Relevant Documents](#)



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Адал жұмысқа қатысты міндеттерімізді бөлісетін үшінші жақтармен ғана жұмыс істеу

Біз өзімізге қойылған адалдық стандарттарын ұстанатын үшінші жақ өкілдерімен ғана жұмыс істейміз.

Үшінші жақ өкілдерімен жұмыс істегенде, өзіміз ұстанатын құндылықтардың бұзылмауы үшін мұқият бақылауды қажет ететін тәуекелдерге барамыз. Біздің бизнес дистрибьюторлар, серіктестер, жеткізушілер, агенттер немесе кеңесшілер сияқты үшінші тараптардың үлкен желісіне негізделуін жалғастыруда. Олардың әрекеттері біздің компанияның беделін және біздің беделімізді көрсетеді. Біз адалдық, адам құқығы, денсаулық және қауіпсіздік, сондай-ақ қоршаған орта мәселелеріне қатысты жоғары стандарттарды ұстанатын жабдықтаушылармен және басқа серіктестермен ғана жұмыс істейміз. Біз бизнесті адалдықпен, жауапкершілікпен және біз жұмыс істейтін елдердің заңды талаптары мен үкіметтік ережелерін сақтай отырып жүргіземіз, және үшінші тараптарымыз барлық қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтайды деп күтеміз.

Сіз:

- Нағыз бизнес иесі ретінде әрекет етуіңіз керек
- Жауапты жабдықтаушыларды іздеу процесінен өткен, оның ішінде Үшінші Тараптарды Басқару процесінен өткен білікті, расталған үшінші жақ өкілдерімен ғана жұмыс істеуіңіз керек. Эрикссон компаниясының қызметкерлері өз бетінше істеуге рұқсат етілмеген нәрселерді жасау үшін, үшінші жақ өкілін пайдаланбауыңыз керек.
- Үшінші тараптармен шынайы және ашық өзара әрекеттестікке қатысыңыз және олардың "Біздің іскерлік серіктестерге арналған мінез-құлық кодексі"-не (немесе оған теңестірілген кодекстеріне) қол қоюы мен міндеттемесін орындауын қамтамасыз етуіңіз керек
- Үшінші тараптың мақұлдау шешімі қабылданған кез келген шарттарды белсенді түрде бақылауыңыз керек, және қызыл жалаушалар, материалдық өзгерістер және ескерту белгілерін байқауыңыз керек.
- Үшінші тараптың нақты жазбаларын сақтаңыз, кез келген сәйкессіздіктер

бойынша әрекет етуіңіз және дұрыс емес төлемдер арқылы шешімдерге әсер ету әрекеттеріне тыйым салуыңыз керек

- Қайталанатын және/немесе ауыр бұзушылықтар үшін келісімшартты бұзуды қоса алғанда, тиісті жағдайларда түзету әрекеттері мен қорғау құралдарын қоса, тиімді тәуекелді азайтуды жүзеге асыруыңыз керек

- Көрнекті мемлекеттік лауазымды иеленетін кез келген адаммен немесе мұндай адамның отбасы мүшесімен немесе жақын серігімен (PEP or Politically Exposed Person) жұмыс істегенде ерекше сақ болуыңыз керек.



Learn more

Useful links

- [Ericsson Responsible Sourcing](#)
- [TPM at Ericsson](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 3.4. of CoBE Relevant Documents](#)

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [GFLA Trade Compliance](#)
- [Trade Compliance Portal](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 3.5. of CoBE Relevant Documents](#)

Халықаралық сауда және ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес туралы заңдарды құрметтеу

Біз халықаралық сауданы және ақшаның ізін жасыруға қарсы күрес процестерін реттейтін қолданыстағы заңдар мен ережелерді сақтаймыз.

Еуропа Одағы (ЕО), Америка Құрама Штаттары (АҚШ) және басқа елдер сауда және санкциялар туралы заңдардың сақталуын қадағалайды, оның ішінде оларға экспорт және кедендік бақылау, эмбарго және санкциялар кіреді. Бұл заңдар біз бизнес жасай алатын тұлғаларды, елдерді және ұйымдарды, сондай-ақ біз қамтамасыз ете алатын аппараттық құралдарды, бағдарламалық құралдарды және қызметтерді анықтайды. Олар сондай-ақ компания ретінде Эрикссон, ал біз қызметкерлер ретінде жұмысты қай елдерден орындай алатынымызды анықтайды.

Сіз:

- Бизнес операцияларды жүргізбес бұрын Эрикссон компаниясының атынан жұмыс істегенде бизнес операцияларға қолданылуы мүмкін қандай да бір санкциялар, импорттық немесе экспорттық бақылау туралы

хабардар болуыңыз керек, және қажетті лицензияларыңыз болуы тиіс.

- Жаңа үшінші жақ өкілдерімен жұмыс істемес бұрын және одан кейін жүйелі түрде Эрикссон компаниясының санкцияларға қатысты тексеру процесінің орындалғанына көз жеткізуіңіз керек
- Күмән туындаған кезде және кез келген санкцияланған елге барар алдында жұмыс телефоны мен компьютерді пайдалану бойынша нұсқаулық алу үшін GFLA Global Risk & Regulatory шеңберіндегі Trade Compliance бөліміне хабарласуыңыз керек

Біз сауданың еркін әрі адал болғанын қалаймыз және қолданыстағы байкотқа қарсы ережелерді сақтауға тырысамыз. Егер қандай да бір әрекеттің заңды екеніне күмәніңіз болса немесе байкотқа қатысу туралы өтініш жасалса, Group Function Legal Affairs & Compliance бөлімімен кеңесіңіз.

Біз қаржылық есеп жүргізу және есеп беру талаптарға, ақшаны жылыстатуға қарсы күрес туралы заңдар мен ережелерге, және терроризмді қаржыландыруға қатысты заңдар мен ережелерге назар аударамыз. Ақшаның ізін жасыру – қылмыс арқылы табылған ақшаның қайдан келгенін жасыратын заңсыз әрекет. Терроризмді қаржыландыру – террористік әрекеттерге

қолдау көрсету үшін қолданылатын қаражат. Эрикссон компаниясы ақшаның ізін жасыруға немесе террористік ұйымдарды қаржыландыруға әкеліп соғатын әрекеттердің барлығына тыйым салады. Террорлық әрекеті бар аймақтарда жұмыс істегенде, белгісіз тарапқа кез келген ресурстарды бермес бұрын қосымша сақтық шараларын қолданыңыз.

Сіз:

- Қылмыстық әрекеттерге қатысы бар ақша пайдаланылатыны туралы күдігіңіз болса, бизнес транзакцияға қатыспауыңыз керек

- Эрикссон компаниясының барлық жауапты дереккөздерді және тиісті тексеру талаптарын орындаңыз және кез келген қызыл жалаулар туралы хабарлауыңыз керек
- Террорлық әрекеттері белгілі аймақтарға барар алдында Эрикссон қауіпсіздік кеңсесінің талаптары мен кеңестері бар екеніне көз жеткізуіңіз керек



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Біздің активтеріміз және зияткерлік меншік

Біз компанияның активтерін және интеллектуалдық мүлкін, сонымен қатар әріптестеріміз, тұтынушыларымыз және үшінші жақ өкілдері сеніп тапсырған ақпарат пен активтерді қорғауға міндеттіміз

4.1	Құпия ақпарат пен интеллектуалдық мүлікті қорғау	22
4.2	Компания ақпараты мен активтерін жауапты пайдалану	23
4.3	Жеке ақпаратты қорғау	24
4.4	Тиісті қаржылық бақылау жұмыстарын жүргізу және алаяқтыққа жол бермеу	25
4.5	Жауапты байланыс жасау	26

04

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Report security and privacy incidents](#)
- [Compliance consultation desk](#)
- [Security at Ericsson](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 4.1. of CoBE Relevant Documents](#)

Құпия ақпарат пен интеллектуалдық мүлікті қорғау

Біз құпия ақпаратты және зияткерлік меншікті тиісті және рұқсат етілген мақсаттарда пайдаланамыз.

Біздің техникалық және қаржылық ақпаратымыз, сонымен қатар интеллектуалдық мүлкіміз – жетістікке жетудің ең маңызды элементі. Оған зерттеу және әзірлеу ақпараты, патенттер, бизнес және өнім жоспарлары және стратегиялар, сонымен қатар тұтынушы және жабдықтаушы ақпараты кіреді.

Сіз:

- Құпия ақпаратты қоғамдық орындарда немесе интернетте талқыламауыңыз керек
- Заңды бизнес қажеттілік болған жағдайда ғана құпия ақпаратты пайдалануыңыз немесе онымен бөлісуіңізге болады
- Құпия және бизнеске қатысты ақпаратты тек Эрикссон рұқсат берген құрылғыларда және бұлттық қызметтерде сақтауыңыз керек

- Келген адамдарды Эрикссон компаниясының кеңселерінде және ғимараттарында алып жүруіңіз керек
- Компаниядан жұмыстан шыққан кезде Эрикссон ақпаратын алып кетпеуіңіз керек, және пайдаланбауыңыз керек – компания туралы барлық ақпарат Эрикссон компаниясына тиесілі.
- Басқа компанияларға немесе үшінші жақ өкілдеріне тиесілі құпия ақпаратты заңсыз алуға тырыспауыңыз керек.

Біз зиянды бағдарламалық құрал немесе фишинг сияқты қауіпсіздікке қатысты қауіптерді бақылап отыруға және Эрикссон компаниясының ақпараты мен активтерін қорғауға әрқайсымыз жауаптымыз.

Сіз:

- Компьютер мен мобильді құрылғыларды соңғы тиісті бағдарламалық құрал нұсқаларына жаңартып отыруыңыз керек, және сұралған кезде құпия сөздерді өзгертуіңіз керек.
- Пайдаланушы аттарыңызды (логиндеріңізді) немесе құпия сөздеріңізді ешкімге бермеуіңіз керек.

- Кеңседен тыс жерде жүргенде, ноутбугыңызды Эрикссон компаниясының желісіне қауіпсіз қосуға арналған бағдарламалық құралды пайдалануыңыз керек
- Тек рұқсат етілген немесе бекітілген бағдарламалық құралды, құрылғыларды және хабар алмасу қолданбаларын пайдалануыңыз керек.

- Құпия немесе жеке ақпараттан тұратын электрондық хаттарды шифрлауыңыз керек.
- [Security Incident Management System \(SIMS\)](#) арқылы барлық ықтимал қауіпсіздік инциденттерін хабарлауыңыз керек.



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Компания ақпараты мен активтерін жауапты пайдалану

Біз ешқандай инсайдерлік саудаға қатыспаймыз және компания активтерін тек заңды мақсаттармен қолданамыз.

Ішкі ақпарат дегеніміз – Эрикссон немесе басқа компаниялар туралы жабық және маңызды ақпарат, ол ақпарат жарияланатын болса, акциялар, облигациялар немесе туынды құжаттар сияқты қаржылық құралдар мен құнды қағаздардың бағасына айтарлықтай кері әсер етуі мүмкін. Бұл ақпаратты қолдану немесе оны қаржылық құралдар мен құнды қағаздарды сату үшін басқаларға беру заңға қайшы келеді. Ол инсайдерлік сауда деп аталады және оған қалай болса да жол беруге болмайды.

Сіз:


- Ішкі ақпаратқа ие болып тұрғанда қаржылық құралдарды және құнды қағаздарды сатып алмауыңыз керек, сатпауыңыз керек, немесе басқа адамдарға ондай ақпарат бермеуіңіз керек.
- Жоба жетекшісі арқылы расталған қатаң қажеттілік жағдайларынан басқа уақытта ішкі ақпаратты ешкіммен, тіпті әріптестеріңізбен бөліспеуіңіз керек.
- Егер сізде ішкі ақпарат бар болса және күмәніңіз болса, сауда жасамастан бұрын Group Function Legal Affairs & Compliance бөліміне хабарласыңыз.



Ericsson қызметкерлерінде ішкі ақпарат болмаса да, қаржылық есептер жарияланғанға дейін 30 күн барысында Эрикссон қаржылық құралдарында және құнды қағаздарында сауда жасамағандары жөн.



Эрикссон компаниясының IT жүйелері мен ресурстарын тек бизнеске қатысты әрекеттерге қолданыңыз. Компанияның активтерін дұрыс пайдаланбаудан, бекер жұмсаудан, ұрлықтан және жоғалтудан қорғауыңыз керек. Ол үшін Эрикссон компаниясының IT ресурстарын заңсыз, кемсітуге бағытталған, сексуалдық бағдарына тиісетін, нәсілшіл көріністері бар, адам құқығын бұзатын немесе балаларға сексуалдық зорлық көрсететін қандай да бір әрекет үшін қолданбау керек.



Learn more

Useful links

- [Security at Ericsson](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 4.2. of CoBE Relevant Documents](#)

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Reporting security and privacy incidents](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 4.3. of CoBE Relevant Documents](#)

Жеке ақпаратты қорғау

Біз жеке басқа қатысты ақпаратты жауапкершілікпен және дерек құпиялылығы заңдарына сәйкес өңдейміз.

Біз жеке басқа қатысты деректерді қорғаймыз және олардың қорғалуына әлемдік деңгейде атсалысамыз. Жеке басқа қатысты дерек – адамның кім екенін анықтайтын ақпарат. Мысалы, аты-жөні, мекенжайы, телефон нөмірі, IMEI (Халықаралық мобильдік жабдық идентификаторы) нөмірі, IMSI (Халықаралық мобильдік жазылушы идентификаторы) нөмірі, фотосуреті, электрондық пошта мекенжайы және банк немесе несиелік карта туралы ақпарат.

Біз әлемдегі құпия ақпаратқа қатысты принциптерді және қолданыстағы заңдарды, соның ішінде EO General Data Protection Regulation (GDPR) ережелерін ұстанамыз. Бізде деректерді қалай өңдеп, бөлісу керектігін реттейтін міндетті корпоративтік ережелер және келісімшарттық келісімдер бар.

Сіз:

- Қолданыстағы заңдарға, деректерді қорғау принциптеріне және Ericsson steering documents ережелері мен басқа нұсқауларға сәйкес жеке деректерді жинауыңыз және өңдеуіңіз керек
- Біз жеке деректерді алатын адамдардың хабардар болуын және олардың неліктен жиналып, өңделіп жатқанын түсінетініне көз жеткізуіңіз керек
- Жеке басқа қатысты деректерді тек заңды бизнес мақсаттарында және жұмысыңызға қажетті расталған мақсаттарда қолдануыңыз керек
- Жеке деректерді тек рұқсаты бар адамдармен, (Эрикссон ішінде және одан тыс, соның ішінде жеткізушілер, тұтынушылар және басқа іскер серіктестер) қауіпсіздікті сақтап бөлісуіңіз керек.
- Деректерге қатысты ережелер бұзылған кез келген жағдайды [Security Incident Management System \(SIMS\)](#) хабарлауыңыз керек



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Тиісті қаржылық бақылау жұмыстарын жүргізу және алаяқтыққа жол бермеу

Біз барлық қаржылық ақпаратты ашық, нақты және адал түрде жазуға тиістіміз.

Біз алаяқтық пен қаржылық бұзушылықтардың алдын алу шараларын қабылдауымыз керек. Біз іскерлік транзакцияларымыздың ашық және дәл жазылуын қамтамасыз етуіміз керек. Жазбаларға жалған немесе жаңылыстыратын деректер енгізуге немесе ішкі бақылаулардан айналып өтуге қатаң тыйым салынады және заңсыз болып есептеледі. Не істеу керектігін білмесеңіз немесе қаржыға қатысты сұрақтарыңыз немесе мәселелеріңіз болса, Group Function Finance & Common Functions бөліміне немесе жергілікті қаржылық қолдау бөліміне хабарласыңыз.

Біздің бизнес жазбаларымыздың тұтастығын қамтамасыз ету үшін міндетті талаптардың мысалдары:

- Тұтынушылармен және үшінші жақ өкілдерімен жазбаша (ауызша емес) келісімшартқа отыру
- Келісімшарттарымызда коммерциялық транзакциялардың мәні көрініс тапқанын қадағалау
- Әдеттен тыс стимул беруден немесе Эрикссон компаниясының қызығушылықтарына сәйкес келмейтін шарттарға келісуден аулақ болу
- Қолтаңба қою және қаражат жұмсау құқығын, сонымен қатар тиісті растау процестерін сақтау.
- Қаржылық транзакциялардың барлығын қолданыстағы ережелерге және Эрикссон есептілік директивалары мен нұсқаулықтарына сай жазу
- Құжаттары дұрыс емес немесе толық емес түсініксіз немесе күмәнді шығындарды немесе үшінші жақ шот-фактураларын төлеуге рұқсат етпеу
- Шығындар туралы есептер мен растайтын түбіртектердің және құжаттардың толық, шынайы және дұрыс екендігіне көз жеткізу
- Заңды бизнес шығындар үшін корпоративтік карталарды қолдану
- Барлық шынайы және нақты растайтын құжаттарды ұсынып, нақты қаржылық есептілікті қамтамасыз ету.
- Нақты бухгалтерлік есепті қамтамасыз ету және шығындарымызды жүйелі түрде тексеру үшін, дұрыс GL account пайдалануыңыз керек.



Learn more

Useful links

- [Ericsson Governance](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 4.4. of CoBE Relevant Documents](#)

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

CoBE Relevant Documents:

- [See section 4.5. of CoBE Relevant Documents](#)

Жауапты байланыс жасау

Рұқсат етілген жағдайда ғана компанияның атынан сөйлей аламыз және әлеуметтік желіге пост жариялағанда абай боламыз.

Біздің компанияның беделі жариялаған мәлімдемелеріміздің ашықтығына, нақтылығына және бірізділігіне байланысты. Сондықтан тиісті ақпараттың ғана жариялануына қажетті шараларды қолға аламыз. Бұл шаралар сіздің әлеуметтік желіде немесе мақалаларда, газеттерде, сөйлеген сөздеріңізде айтылған деректерге немесе Эрикссон бизнесіне қатысты басқа мәлімдемелерге қолданылады. Біз сөз бостандығын насихаттай отырып, әрқайсымыз әлеуметтік желілердегі жазбалар немесе құндылықтарымызға және Our Compass ережелеріне сәйкес келмейтін ішкі платформалардағы пікірлер үшін жауаптымыз және жауапкершілікке тартылуымыз мүмкін.

Сіз:

- Ақылдылықты қолданыңыз және компания және/немесе онымен байланысты адамдар туралы құпия ақпаратты жарияламауыңыз тиіс, немесе орналастырмауыңыз керек
- Көзқарасыңыз жеке өзіңізге ғана тиесілі екенін және Эрикссон компаниясының атынан сөйлеп тұрмағаныңызды ашық білдіруіңіз керек (ондай рұқсат берілмеген жағдайда)
- Эрикссон компаниясының беделіне нұқсан келтіретін немесе зиян тигізетін ештеңе жарияламауыңыз керек
- Эрикссон компаниясының ішкі байланыс және ынтымақтастық платформаларын (мысалы, Teams, Yammer, SharePoint және Outlook) басқалардың көзқарасын ескере отырып, құрметпен және инклюзивті түрде пайдалануыңыз керек





Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
Біздің міндеттер

Біздің әлеуметтік және қоршаған ортаға қатысты міндеттеріміз

Біз адам құқықтарын қорғауға, қоршаған ортаға зиянды әсерді азайтуға және біз жұмыс істейтін қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық дамуға қолдау көрсетуге тырысамыз.

5.1	Құпиялылық құқығын және пікір білдіру еркіндігін насихаттау	28
5.2	Қоршаған орта тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысты міндеттерімізді сақтау	29
5.3	Жергілікті қауымдастықтарға өкілеттік беру және оларды қолдау	30

05

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Құпиялылық құқығын және пікір білдіру еркіндігін насихаттау

Біз адамның жеке өмірге қатысты құқығын және ойын ашық жеткізу еркіндігін құрметтейміз. Бұлар – біз ұсынатын технологияға қатысты екі маңызды адам құқығы.

Біз ұсынған жабдық, бағдарламалық құрал, қызметтер және технологиялар адамдардың өміріне оң өзгеріс әкелетініне қатаң сенеміз. Сонымен қатар технологиямыздың дұрыс қолданылмау ықтималдығын барынша азайту үшін жұмыс істеп жатырмыз.

Біз сондай-ақ басқа мүдделі тараптармен жеке және ұжымдық түрде сөз бостандығы мен жеке өмірді қорғауды қатты жақтаймыз.

Сіз:

- Жауапты шешім қабылдау арқылы, оның ішінде өнімді әзірлеу, технологияны пайдалану және сату барысында және тұтынушылармен және жабдықтаушылармен бизнес қарым-қатынас орнатқанда адам

құқықтарын құрметтеуіңіз және қолдау көрсетуіңіз керек

- Адамдардың сөз еркіндігіне немесе құпиялылық құқықтарына кері әсер ететін сыртқы сұраулар мен талаптарды бағалаңыз және қандай да бір әрекет жасамас бұрын, ондай сұраулардың заңды, ережелерге сай және қажетті екеніне көз жеткізуіңіз керек
- Бизнес қатынастарда біздің технологияны дұрыс қолданбаудан туатын қауіптерді ескеріңіз, ондай қауіптерді азайтудың дұрыс процедураларын орындауыңыз және ондай қауіптер ескерусіз қалған жағдайда немесе дұрыс шешілмеген жағдайда мәселе көтеруіңіз керек
- Дұрыс емес пайдалану белгілері бойынша әрекет етуіңіз және қажет болған жағдайда ажыратуыңыз керек
- Технологияларымыз дұрыс пайдаланылмайтынын білетін кезде немесе тиімді азайту шараларын жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда бизнес мүмкіндіктерін іздемеуіңіз керек



Learn more

Useful links

- [Business and Human Rights Statement](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 5.1. of CoBE Relevant Documents](#)

Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Sustainability & Corporate Responsibility](#)
- [The Ericsson Lists of Banned and Restricted Substances](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 5.2. of CoBE Relevant Documents](#)

Қоршаған орта тұрақтылығын қамтамасыз етуге қатысты міндеттерімізді сақтау

Біздің экологиялық тұрақтылыққа қатысты бағдарламаларымыз айналамыздағы әлемді жақсы жаққа қарай өзгертеді және мүдделі тараптардың барлығы үшін құндылық жасайды.

Барлық операциямызда, барлық портфельде және қоғамда мүдделі тараптарға оң ықпал ету үшін ғылыми негізі бар және үш табыстылық (экономикалық, әлеуметтік, қоршаған орта) принципіне құрылған әдісті қолданамыз. Біз өзіміздің барлық операцияларымыз бен әрекеттеріміздің қоршаған ортаға теріс әсерін барынша азайтуға міндеттенеміз. Қоршаған ортаны қорғау шаралары кешенді түрде барлық бөлімшелерді қамтуы керек. Бұл – Эрикссон компаниясындағы қызметкерлердің ортақ ойы.

Сіз:

- Біздің операциялар мен әрекеттеріміздің қоршаған ортаға ықпалына қатысты және өнімнің тұрақтылығына қатысты Эрикссон компаниясының амбициялары мен мақсаттарына үлес қосуыңыз керек
- Іссапарларды азайтуға тырысыңыз және ұшақпен ұшпас бұрын, жерүсті көліктерін қарастырып көруіңіз керек
- Біз бәсекелес нарықтардағы барлық қолданыстағы экологиялық заңдарды, ережелер мен стандарттарды орындауыңыз керек
- Қоршаған ортаны қорғау туралы нақты есеп беру үшін қажетті барлық растайтын құжаттарды, ақпаратты және деректерді қамтамасыз етуіңіз керек
- Қоршаған ортаға қатысты өнім талаптарын, нұсқауларын және ұсыныстарын ұстануыңыз керек
- [Global Incident Reporting Tool \(GIRT\)](#) арқылы қоршаған ортаға әсер ететін кез келген оқиғалар туралы хабарлауыңыз керек



Біздің ережелер
 Біздің адамдар
 Біздің компания
 Біздің активтер
 Біздің міндеттер

Learn more

Useful links

- [Contributions at Ericsson](#)
- [Ericsson Response](#)

CoBE Relevant Documents:

- [See section 5.3. of CoBE Relevant Documents](#)

Жергілікті қауымдастықтарға өкілеттік беру және оларды қолдау

Біз жергілікті қауымдастықтарға оң әсер ету үшін мүмкіндік береміз және қолдаймыз.

Біз мүшелік, бірлескен маркетинг/ бірлескен іс-шаралар, демеушілік, қайырымдылық және академиялық ынтымақтастық сияқты үлестерді мұқият бағалаймыз, олар Эрикссон компаниясының ең маңызды әсер етуі мүмкін лайықты бастамаларды қолдау стратегиясына сәйкес келеді. Жарналар нақты немесе потенциалды мүдделер қақтығысына әкеліп соқпайтынын немесе дұрыс төлемдерге қатысы жоқ екенін қадағалап отырамыз.

Жарна қосу үшін сіз:

- [Компанияның жалпы жарналар процесіне](#) сәйкес жарналар туралы сұрауды орналастыруыңыз керек
- Бизнесі мақұлдау, сәйкестікті бағалау және алушыны тексеру, құжатталған келісім, төлемді орындау және дәлелдемелердің барлығы процеске сәйкес алынғанын қамтамасыз етуіңіз керек
- Жарналар мен Эрикссон компаниясының тұтынушылары, жабдықтаушылары, серіктестері, мемлекеттік қызметкерлер немесе Эрикссон компаниясының қазіргі немесе бұрынғы қызметкерлері арасындағы қандай да бір байланысты ашуыңыз керек

Барлық белсенді Эрикссон толық және толық емес уақытты қызметкерлері жергілікті қауымдастықтарға қолдау көрсету және қоғамға оң әсер ету ниеттерін қолдайтын [Эрикссон еріктілері бағдарламасына](#) қатысуға құқылы.





ericsson.com/cobe
internal.ericsson.com/cobe